

**Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ**

**«ҚАЗАҚСТАН – 2050 СТРАТЕГИЯСЫ» АЯСЫНДА
ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**

3 қазан 2014 жыл

Астана, 2014

МАЗМҰНЫ

<i>Aydemir Okay</i> COMMUNICATION AND PUBLIC RELATIONS EDUCATION: TURKISH PERSPECTIVE	3
<i>Татьяна Лебедева</i> ФОРМИРОВАНИЕ ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО БРЕНДА В СТРАТЕГИИ НАЦИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ	7
<i>Сақ Қайрат Өмірбайұлы</i> ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАЛАРЫ ЖИНАҚТАЛМАҒАН АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ КӨСЕМСӨЗДЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ	9
<i>Абишева Вера Туkenовна</i> МЕДИАТЕКСТ КАК ЧАСТЬ ТЕКСТОВ КУЛЬТУРЫ	12
<i>Әбдіжәлел Бәкір</i> БАҚ ТӘУЕЛСІЗДІК МҰРАТТАРЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТУІ ҚАЖЕТ	16
<i>Гиздатов Газинур Габдуллаевич</i> СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЖУРНАЛИСТСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	20
<i>Ишанова Асима Калимовна</i> ПУБЛИЦИСТИКА ЭРЫ ПОСТМОДЕРНА	23
<i>Нәубәт Қалиев</i> ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР	26
<i>Калиева Марал Шатулаевна</i> ДЕМОКРАТИЧЕСКИЕ ЦЕННОСТИ РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА В АСПЕКТАХ РЕАЛИЗАЦИИ СТРАТЕГИИ «КАЗАХСТАН - 2050»	31
<i>Нуртазина Роза Ауталиповна</i> АСПЕКТЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ В КОНТЕКСТЕ СТРАТЕГИИ «КАЗАХСТАН-2050»	33
<i>Тапанова Сауле Есенбекқызы</i> ХАТ ЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ БОЛМЫСТЫ АЙШЫҚТАУДАҒЫ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ	39
<i>Тахан Серик Шешенбаевич</i> ЭВОЛЮЦИЯ ОБРАЗА ГЛАВНОГО ГЕРОЯ В РОМАНЕ Ж. АЙМАУТОВА «КАРТКОЖА»	42
<i>Рақымжан Тұрысбек,</i> ЕЛДІК МҰРАТ ҺӘМ ҰЛТ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (тәуелсіздік тұсындағы зерттеу еңбектер мен оқу құралдары туралы)	46
<i>Шындалиева Меңдігүл Бұрханқызы</i> ЖҮСПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ ПУБЛИЦИСТИК ШЕБЕРЛІГІ	51
<i>Шыңғысова Назгүл Тұрсынбайқызы</i> БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕЛЕР (БАТЫС ЕУРОПА МЫСАЛЫНДА)	55
<i>Gulnar Assanbayeva</i> HOW TRANSPARENT ARE KAZAKHSTANI NEWSPAPERS' WEB SITES?	57
<i>Аскеева Гульнар Байгановна, Онучко Марина Юрьевна, Тукушева Ляззат</i> ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ПАРЛАМЕНТСКИХ ВЫБОРАХ 2012 ГОДА В КАЗАХСТАНЕ	62
<i>Афанасьева (Горская) Екатерина</i> ПОЛЬЗОВАТЕЛЬСКИЙ КОНТЕНТ: ПОДХОДЫ К РЕГУЛИРОВАНИЮ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ	68
<i>Бейсенқұлов Аязби Ақбергенұлы</i> МЕДИАТАНЫМНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	71

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Әдебиет мәселесі. // Ақ жол. ІІҮ. 1925.
2. Аймауытов Ж. Көркем әдебиетті саралау. // Ақ жол. 17.ІҮ. 1925.
3. Аймауытов Ж. Тап ақыны әзір қазақта жоқ. // Еңбекші қазақ. 4 сәуір. 1925.
4. Байділдин Ә. Тікеннің мақаласы туралы. // Еңбекші қазақ. 30 мамыр. 1925. №24.25.27.
5. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы. // Лениншіл жас. №5. 1925.
6. Аймауытов Ж. Ұлтты сүйю. // Қазақ альманағы. №2. Шілде-тамыз. 2009.
7. Сағынбекұлы. Р. Жүсіпбек. – Алматы: Санат, 1997.

**Шыңғысова Назгүл Тұрсынбайқызы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы,
Алматы, Қазақстан**

**БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕЛЕР
(БАТЫС ЕУРОПА МЫСАЛЫНДА)**

Батыс Еуропада мамандар даярлау мен кәсіби білім беру ісі үздіксіз жетілдіріліп отырады. Германиядағы жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу базалары қалыптасқандықтан, оқытушы мен студент ғылыми-зерттеу жұмыстарын бірлесе орындау арқылы студентті кәсіби машықтандыру тәжірибесі көзделеді. Осы тәжірибе қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде де қолға алынып отыр. Яғни, жобалау бағытындағы әдіс студентті практикалық қызметке дайындап, біліктілік қалыптастырады, тапсырманың практикалық шешімін анықтауға мүмкіндік береді. Германия университеттерінде студенттердің өзіндік жұмыстарына баса мән беріледі. Оқу барысында студент кәсіби маман болып қалыптасуы үшін мәселеге ерекше қызығушылық танытуы қажет.

Батыстың жоғары оқу орындары 2000 жылдардың аяғына қарай білім беру бағдарламасынан ғылыми-зерттеу бағытына ауыса бастады. 90-шы жылдардың ортасында қолданбалы ғылыммен айналыса бастаған Германия ЖОО-лары 2007 жылдан бері ғылыми-зерттеу бағытын ұстанды. Оқу барысындағы ғылым мен практиканың ұштасуы, білім беру саясаты мен елдің экономикасының тығыз байланысы өндіріске кәсіби мамандар даярлауға мұрындық болады. Уақытының басым бөлігін өндірісте өткізетін студент көзімен көріп, қолымен ұстай отырып, мамандыққа тез машықтанады.

2011 жылы Германия жоғары оқу орындары толығымен Болон үдерісіне көшті. Германиядағы білім беру жүйесі экономиканы қарқынды дамытуға қабілетті кәсіби мамандар даярлауға бағытталған. Сондықтан көптеген ЖОО оқу бағдарламаларын экономиканың практикалық қажеттіліктеріне сәйкестендіріп жасайды. Магистрлік бағдарламалар жұмыс берушілермен ақылдаса отырып жасалады. Болон үдерісі академиялық ұтқырлыққа жол ашты. Германия ЖОО студенттері бір-екі семестр өзге елдердің университеттерінде оқиды.

Қажеттілік жоқ жерде инновацияның дамуы мүмкін емес. Оқу үдерісіне инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу білім берудің тиімділігін арттырады. Германияда әсіресе техникалық жоғары оқу орындарында инновациялық жобалардың барлығы дерлік өндіріске енгізіледі. Коммерциялық компаниялар мен мемлекеттік басқару органдарының өзі жоғары оқу орындарына сұраныс жасайды.

Нидерланд университеттерінің дипломдары барлық елде мойындалады. Бұл елдің білім беру жүйесінің ерекшелігі – оның барлық буындарының өзара тығыз байланыстылығында. Нидерланд Конституциясының 23 бабында білім беру еркіндігіне кепілдік берілген. Яғни, Нидерландта тұратын, оқытуға құқы бар кез келген азамат өзінің діни, идеологиялық және

білім беру көзқарастарына сәйкес мектептер аша алады әрі нені және қалай оқыту керек екендігін өздері анықтайды. Бұл мектептердің есігі дініне, сеніміне қарамастан барлық балаларға ашық. Елдегі оқушылардың 65 пайызы осындай мектептерден білім алады. Біздің ойымызша, бұндай жүйенің кемшіліктері де жоқ емес. Біріншіден, мектептерде бірыңғай оқыту бағдарламасы жоқ болғандықтан, оқу үдерісін бақылау, реттеу мүмкін емес.

Нидерланд білім беру жүйесінде 214 жоғары оқу орындары бар. Оған университеттер, мемлекеттік емес жоғары оқу орындары, жоғары кәсіптік мектептер жатады. Елдің жоғары оқу жүйесінің басты ерекшелігі – оқыту бағдарламалары мен әдістері кәсіби қызметке бағыттала отырып, жеделдікке негізделеді. Германиядағы оқу жүйесіне ұқсатығы студенттердің өзіндік жұмыстарына көп орын берілуі. Студенттік топтармен жұмыс істеу әдісі кең қолданылады. Нидерландтағы университеттер автономиялық мекеме болғандықтан, бюджетті өздері басқарады. Университеттерде зерттеу және қолданбалы ғылым бағыттарында білім беріледі. Болон үдерісіне көшуде немістердің емес, ағылшындардың тәжірибесіне баса көңіл бөлді. Нарыққа жедел маман даярлау мақсаты көзделгендіктен, ЖОО-да бакалавриатта білім алу – 3 жыл, ал магистратурада – 1 жыл. Бұл елде 12-13 жастағы балаларға тест жүргізу арқылы жоғары оқу орындарына түсу-түспеу мүмкіндігі анықталып қояды екен.

Нидерландтың ең ескі қаласы Маастрихт орналасқан 1970 жылы құрылған жас университет әлемдік рейтингте 112 орында тұр. Жас университеттердің ішінде 17 орынды иеленген. Университетте 7 факультет бар, 500-ге жуық профессорлар жұмыс істейді. 2000 жылдан бастап биотехнология саласында мамандыратын университет қабырғасында бизнес-инкубатор құру қолға алынған. Оқу орнында білім берумен қатар, серіктестер іздеп, бизнесті дамыту міндеттері қойылды. Нақты инновациялық міндеттер жүзеге асырылды. Патенттер алынып, бизнес-жоспарлар жасалып, қаржы тартылғаннан кейін бизнес-инкубация жасау қолға алынды. Университеттің ендігі міндеті – түрлі компаниялармен байланыс орнатып, іскерлік байланысты өз деңгейінде ұстап тұру. Компаниялармен құрал-жабдықтары бір болғандықтан, зерттеулер бірге жүргізіледі, нарыққа жаңа өнімдер шығарылады. Университет базасында құрылған 25 компанияда 200-дей адам жұмыс істейді әрі 5500 шаршы м. алаңның 95 пайызында орналасқан.

Көріп отырғанымыздай, ғалымдар мен бизнес, өндіріс орындарының өкілдері бір жерде бірлесе жұмыс істей отырып, білім беруде, кәсіби маман дайындауда орасан тиімділіктерге жетеді.

Студенттер аз топтарда оқитындықтан, белсенділігі артады, әр студентке жеке көңіл бөлінеді.

Францияның білім беру жүйесі бірнеше сатылардан тұрады. 11 мен 18 жас аралығында орта білімді (4 жыл колледж, 3 жыл лицей) аяқтаған соң бакалавр дипломы беріледі. Жоғары оқу орнына тек бакалавр дәрежесін алғаннан кейін түсуге болады. Францияда жоғары оқу орындары өте көп әрі олар қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоғары білім беру болып екіге бөлінеді. Қысқа мерзімді білім беру 2-3 жылға созылып, өнеркәсіп және қызмет көрсету салаларына мамандар дайындайды. Ұзақ мерзімді білімді университеттер мен жоғары мектептер береді.

Францияда қазіргі таңда 300-ден астам жоғары оқу орындары бар. Олар Болон үдерісіне тез бейімделді. 1999 жылы «master» дәрежесі енгізілді. 2005 жылы Франция ЖОО-лары үш деңгейлі білім беру жүйесіне көшті. Бұл студенттерге өзге елдердің университеттерінде оқуға, тағылымдамадан өтуге, «қос диплом» бағдарламаларына қатысуға мүмкіндік берді. Жеке оқу жоспарын таңдау бойынша міндетті пәндерді енгізе отырып, студент өзі жасайды.

Білім берудегі инновация еліміздегі инновациялық экономиканы құруға игі ықпал етеді. Батыс елдерінің оқу үдерісіндегі инновациялық әдіс-тәсілдер Қазақстанда да алғашқы жемістерін бере бастады. Қос дипломдық білім беру, академиялық ұтқырлық бағдарламалары, жұмыс жоспарларын жасау барысында элективті пәндерге қатысты жұмыс

берушілердің талап-талап-тілектерін ескеру, ғылым мен өндірісті тиімді ықпалдастыру мәселелері дамып келеді.

**Gulnar Assanbayeva, Candidate of Sciences, docent
Senior Lecturer and Graduate Study Coordinator
of the Department of Media and Communications
KIMEP, Almaty, Kazakhstan**

HOW TRANSPARENT ARE KAZAKHTANI NEWSPAPERS' WEB SITES?

The study examines the level of transparency of five randomly chosen Kazakhstani newspapers' online edition. The research is based on five transparency tools that identify the openness of a media source: the availability of ownership information, the openness of editorial decision-making, the information about journalistic resources, error correction tool, and interaction function. The websites of newspapers are accessed in percentage and numbers using content analysis to reveal the level of openness of the newspapers.

Key words: media transparency tools, media accountability, web sites of Kazakhstani newspapers

Creation of websites allows the media businesses to receive the feedback instantly, as well as to provide the quick response to the public. The professionalism of a media company is defined in a different way today, and transparency is considered to be a key aspect of professionalism (Kovach, B. and Rosenstiel, T., 2001).

The transparency implies accountability of the sources, it increases the confidence of the public in information they get. Likewise the transparency in politics, the openness of the mass media allows more direct communication between the readers and the media; it also helps citizens to make the decision on different social and political issues as the media is the main source of any information that influences public opinion. There a lot of studies of media transparency in the US, Europe, and other parts of the world. The European Journalism Observatory (Bettels, T., Fengler, S., Straeter, A. and Trilling, M., 2011), for example, applied to Klaus Meier, who calls the transparency "a criterion for journalistic quality" (Meier, 2007, p.225). Implementation of transparency tools into online editions of newspapers allows the audience to decide and evaluate the quality of journalistic work and helps the media to gain credibility.

However, there is no detailed study or research on online media transparency in Kazakhstan, except a short pre-research done by the author in 2012 (Assanbayeva G. D. Media Transparency and the Code of Ethics of a Kazakhstani Journalist: <http://articlekz.com/node/4327>). Thus, this research aimed to analyze Kazakhstani media in frames of the European standards to find out how much the local newspapers online editions are transparent, what media transparency tools are used by the media managers or editors to achieve the high-quality level of journalism.

Problem Statement

The initial drawback of the Kazakhstani print media is its old-fashion business operation.

The chief editors and media owners mostly are still not tend to follow the multimedia and technological developments. The most important transparency problem for mass media of Kazakhstan today is the lack of revealed information on who owns the media, what reasons do the media have in its operations, and financial conditions. "Typically, the owners did not disclose the evidence that they are the owners of the mass media: in this case the official owners are private companies or intermediaries. The country has several large media holdings, which are owned by financial-industrial groups or business leaders" (Abramov, 2009, p.6). The western scholars recognized media transparency as the most important tool to gain the public trust by media: "Journalists should link to source material as much as possible, supporting what they tell people with close-to-the-ground facts and data. Disclosure is the main criteria to consider the media open and transparent, consequently gaining public trust" (<http://www.kcnn.org/principles/transparency>).